



# Қазақстан ядролық қарусыз әлемді қолдайды

Орындаған: Минажова Камила



Семей сынақ алаңының бар зардабын бастан кешкен қазақ халқының қасиетті қазақ жерін 40 жыл бойы тажал қаруды сынайтын тамұққа айналдырған сынақ кезінде 450-ден астам ядролық жарылыс жасалды. Оның 120-дан астамы ашық аспан астында жарылды. Жарылыстардың жиынтық қуаты кезінде Хиросимаға тасталған бомбадан 2.5 мың есеге асып түсті. Қазақ даласының 300 мың шаршы шақырымы радиацияға уланып, одан 1.5 миллионнан астам адам зардап.

Ядролық сынақ сол маңдағы адамдар мен тірі табиғаттың сәулелік патологияға ұшырауына әкеп соқтырған. Ал мамандардың бағалауы бойынша сәулеленуге ұшыраған адамдардың жалпы саны бес жүз мыңнан асады. Сонымен қатар, қазақстандықтардың әлі де бірнеше ұрпағы денсаулықтарында ажал құштыратын сынақтардың әсері мен салдарын сезінетін болады.



## Ядролық қарусыз әлем көшбасшысы



«Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жаһандық ядролық қаруға қарсы қозғалыстың көшбасшысы болып іс жүзінде мойындалған тұлға. Өз қолымен құрған жас мемлекет тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап дүниежүзілік ядролық қауіпсіздік ісінің көшбасшысы атануына қажетті барлық жағдайды жасады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Кеңес Одағы әлі ыдырамай тұрған шақта, әрбір әмірі күдіретті мұнаралы Мәскеуден қаймықпай, 40 жыл бойы халқына қасірет шектіріп келген жер бетіндегі ең алып сынақ алаңдарының бірі – Семей полигонының көмейіне құм құйды.





Семей сынақ алаңын жабу – ядролық қарусыз әлем құру жолындағы қазақ халқының ұлы қадамдарының бастауы болды. Осы тарихи шешімнен кейін Невада, Лобнор, Жаңа жер секілді ірі полигондардың үндері өшті. Қазақстан Семей сынақ алаңы жабылған сәттен бастап адамзат тарихындағы ең зұлмат сойыл – ядролық қарумен күрестің көшбасшысы атанды. Семей сынақ алаңы жабылған 29 тамыз бұрнағы жыл БҰҰ-ның қарарымен «Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні» ретінде жарияланды.

Осынау аса жауапкершілікті сәтте Елбасы айрықша көрегенділік таныта білгенін бүгінгі таңда біз мақтанышпен айта аламыз. Ядролық қарудан ерікті түрде бас тарту жөніндегі саяси шешім Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың мемлекеттік және стратегиялық көрегендігінің, сондай-ақ саяси ерік-жігерінің айқын дәлелі бола алады.

Қазақстанның ядролық қарусыз мемлекет атануына жол салған тағы бір маңызды қадам президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Тәуелсіздік сарайында Семей ядролық сынақ полигонының жабылуына 25 жыл толуына арналған «Ядролық қарусыз әлем құру» атты халықаралық конференцияның өтуі.





Басқосуға әлемнің 50 елінен 200-ге жуық халықаралық ұйымдардың басшылары, беделді саясаткерлер, парламенттік қоғамдастықтың мүшелері мен сарапшылар қатысты. Сала мамандары қарусыздану және ядролық қаруды таратпау секілді өзекті мәселелерді талқылады.



«Әлемдік қауіпсіздік жолында көптеген тың бастамалар көтердік. Қазақстанның бұл бағыттағы сан жылдық ерік-жігері мен ұсынған «Әлем ХХІ ғасыр» манифесінде көрініс тапты. Біздің бейбіт бастамаларымыздың бәрі де әлем қауымдастығының жаппай қолдауына ие болды. Соның нәтижесінде Қазақстан жаһандық ядролық қарусыз әлем қозғалысының көшбасшысына айналды. Біздің ұсынысымызбен бүгін жер жүзі 29 тамызды халықарлық ядролық сынаққа қарсы іс-қимыл күні ретінде қабылдады. Бұл Қазақстанның бейбіт бастамалары жер бетіндегі барша елдердің мүдделеріне сай келетінін және олардың қолдайтындығын көрсетті. Бүгінгі өтіп отырған форумда бәрімізді ортақ мақсатқа жұмылдырып, жаһандық қауіпсіздікті нығайта түсуге сүбелі үлес қосарына сенемін», – деді Н. Назарбаев.



## Қорытынды

XXI ғасыр адам баласының жаһандану кезеңіне аяқ басып, әлемді жаңарту бағытында көптеген ғылыми өзгерістерімен . XX ғасырдың 40-жылдарынан бастау алған ядролық қарудың негізі адамзат қоғамының қауіпті дертіне айналып, «ядролық қару» бағыттары бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналууда. Ядролық қарудан бастарту мәселесі – барлық қазіргі заманның ең күрделі мәселелерінің бірі болып табылады. Ядролық державалар клубының бақылаусыз кеңею қатері – XXI ғасырдағы аса көкейкесті проблемалардың бірі. Егер халықаралық қоғамдастық ядролық қаруға ие мемлекеттер ауқымының кеңеюіне қарсы саяси күш-жігер таныта алмайтын болса, оның салдарлары үлкен ауыртпалықтарға алып келуі әбден мүмкін.